

**Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті**



**«БЕКІТЕМІН»**

Халықаралық гуманитарлық-  
техникалық университетінің ректоры  
т.ғ.к. профессор Қорғанбаев Б.Н.

«16» 09 2016ж.

**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**Әдістемелік құрал**

**ШЫМКЕНТ, 2014**

Магистрлік диссертация туралы ереже / Құрастырғандар: э.ғ.д., профессор Ищанов А., б.ғ.к., Еркебаева С.Ө. Шымкент: ХГТУ, 2016. – 20 б.

**Пікір бергендер: 1. Есіркепова А.М.- э.ғ.д., профессор**

Бұл Ереже дайындықтың барлық саласы бойынша магистрлік диссертация құрылымын, рәсімдеу тәртібін және қорғау процедурасын ұйымдастырудың жалпы талаптарын орындауға арналған әдістемелік құрал. Ереже білім алушы магистранттар, магистранттардың ғылыми жетекшілері, кафедра меңгерушілері, бөлім қызметкерлеріне арналған.

Халықаралық гуманитарлық - техникалық университеттің ғылыми кеңесінде талқыланып, бекітілді. № \_\_\_\_\_ хаттама \_\_\_\_\_ 2016ж.

**Жауаптылар: Ищанов А., Еркебаева С.Ө.**

## 1. Белгіленуі және қолдану аясы

Бұл Ереже магистрлік диссертация құрылымын, рәсімдеу тәртібін және қорғау процедурасын ұйымдастырудың жалпы талаптарын орындауды талап етеді. Ереже білім алушы магистранттарға, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне, бөлім қызметкерлеріне арналған.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Бұл ережеде келесі нормативтік құжаттардан сілтеме жасалынды:

- 2.1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 09.01.2012 ж.  
Өзгерістер мен толықтыруларымен
- 2.2 “Жоғары оқу орнынан кейінгі білім – магистратура. 23.08.2012 ж.  
Негізгі ережелер” ҚР МЖМБС № 1080
- Өзгерістер мен толықтыруларымен №292 13.05.2016 ж.
- 2.3 Диссертация және авторефератты рәсімдеу нұсқауы ҚР Алматы, 2004 ж.  
БҒМ. Жоғары аттестациялық комитет.
- 2.4 Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларының ҚР БҒМ 16.03.2011ж.  
үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық, қорытынды № 94 бұйрығы  
аттестаттаудың үлгі ережелері.

## 3. Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

Бұл Ережеде 09.01.2012ж. ҚР «Білім туралы» Заңына, 23.08.2012 ж. № 1080 ҚР МЖМБС сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылған.

### 3.1 Терминдер мен анықтамалар

Магистр	Магистратураның білім беру бағдарламасын игерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже
Магистрлік диссертация	Мамандықтың ғылым саласына сәйкес өзекті мәселесін өз бетінше зерттеу нәтижесі келтірілген ғылыми жұмыс

### 3.2 Қысқартулар

ХГТУ	Халықаралық гуманитарлық техникалық университет
МАК	Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

## 4. Жауаптылар

Бұл Ережені орындауға және оның қолданылуына магистрлік диссертациялардың жетекшілері, кафедра меңгерушілері жауапты.

## **5. Жалпы ережелер**

5.1 Магистр академиялық дәрежесін алу үшін жазылған диссертация нақты бағытта орындалған, белгілі бір сала бойынша ғылыми мәселелерді шешіп, тұжырымдама жасай алатын ғылыми қызметкер ретінде көрсететін ғылыми еңбек болуы керек.

5.2 Магистрлік диссертация ғылым докторы, ғылым кандидат дәрежесі, PhD доктор академиялық дәрежесі бар, ғылыми іс-тәжірибесі мол жетекшісінің басқаруымен магистрант өз бетінше орындауы керек.

5.3 Магистрлік диссертацияның ғылыми жетекшісі:

- магистрлік диссертацияны орындау үшін тапсырмалар береді;
- магистрантқа магистрлік диссертацияның барлық кезеңін қамтитын жұмыстың күнтізбелік кестесін жасауға жәрдем береді;
- магистрантқа қажетті негізгі әдебиетті, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, типтік жобаларды және тақырыпқа байланысты басқа материалдарды ұсынады;
- магистрлік диссертацияның орындалуы бойынша күнтізбелік кестенің ағымдық бақылануын іске асыру үшін кеңес беру кестесін түзеді;
- Магистрлік диссертацияның барлық бөлімдерінің көлемін нақтылап, магистранттың жұмысын үйлестіреді.

5.4 Магистрлік диссертация ғылым мен практиканың теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі, ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін пайдалануы, ғылыми-зерттеу бөлімдері және нақты практикалық ұсыныстары болуы керек.

5.5 Магистрлік диссертацияның тақырыбы Ғылыми кеңестің шешімімен нақтыланып, ХГТУ президентінің бұйрығымен бекітіледі. Жұмыс өзекті, ғылым мен техниканың заманауи жағдайына және мамандықтың саласына сай болуы керек.

5.6 Магистрлік диссертация бойынша автордың алған ғылыми нәтижелері ғылыми басылымдарда жарық көруі арқылы міндетті түрде апробациядан өтуі керек. Жарық көретін еңбектің ең аз саны - 2 ғылыми мақала. Басылымдарға халықаралық конференцияларға жарияланған мақалалар (0,25 б.т. кем емес) болуы қажет.

## **6. Магистрлік диссертацияның құрылым элементтеріне қойылатын талаптар**

6.1 Магистрлік диссертацияның құрылымы:

- титул парағы (нөмірленбейді, 1-қосымша)
- мазмұны (нөмірленбейді)
- нормативті сілтемелер
- анықтамалар
- кіріспе
- негізгі бөлім
- қорытындысы
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі (міндетті түрде түпнұсқа бойынша)
- қосымшалар
- мемлекеттік (орыс және ағылшын) тілдеріндегі диссертация рефераты

6.2 Титул парағы магистрлік диссертацияның бірінші беті болып саналады және құжатты рәсімдеу мен іздеуге қатысты ақпарат тетігі қызметін атқарады.

Титул парағы диссертацияның жалпы нөмірлеуіне кіреді. Титул парағына нөмір қойылмайды. Титул парағы 1-қосымшаға сай рәсімделінеді.

6.3 Магистрлік диссертация мазмұнына кіріспе, барлық бөлімдер мен бөлімшелер, баптар (егер оның аты болса), қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және беттік нөмірі көрсетілген қосымшалардан тұрады. Магистрлік диссертацияның мазмұны 2-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

6.4 Магистрлік диссертация құрамы төмендегі талаптарға сай болуы керек:

- зерттеу тақырыбының өзектілігі;
- жұмыстың ғылыми жаңашылдығы;
- қорғауға ұсынылатын жұмыстың ғылыми маңыздылығы;
- практикалық маңыздылығы мен негізгі мәселелердің шешілу жолдары;

6.5 «Нормативтік сілтемелерде» диссертация мәтінінде стандарттарға келтірілген сілтемелер тізімінен тұрады. Стандарттарға жасалған сілтемелер тізімі келесі сөздерден басталады: «Бұл магистрлік диссертацияда келесі стандарттарға сілтеме жасалған...». Тізімге стандарттардың аттары мен белгіленулері тіркеу нөмірлерінің өсуіне қарай тәртіппен орналасады.

6.6 «Анықтамалар» магистрлік диссертациядағы терминдерді нақтылауға немесе орнықтыруға байланысты анықтамалардан тұрады. Анықтамалар тізімі келесі сөздерден басталады: «Бұл магистрлік диссертацияда келесі анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылады».

6.7 «Белгіленулер мен қысқартулар» құрылымында магистрлік диссертацияда қолданылған белгіленулер мен қысқартулардан тұрады. Белгіленулер мен қысқартулар диссертация мәтінінде кездесуіне қарай қажетті талдау мен түсініктеме беруден тұрады.

6.8 Кіріспе де тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығы, басқа ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен байланыстылығы, сонымен бірге зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеу тапсырмасы, қорғауға ұсынылатын жағдайлары көрсетілуі керек.

6.9 Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың негізгі әдістемесі және негізгі нәтижелік көрсеткіші берілуі керек.

6.10 Негізгі бөлімге кіретіндер:

- зерттеу бағытын таңдау және оларды негіздеу, қойылған мәселені шешу тапсырмалары және оларды салыстырмалы бағалау, жұмысты орындаудың жалпы әдістерін сипаттау;

- теориялық және эксперименттік зерттеу процесі, теориялық зерттеулердің ерекшелігі мен мазмұны, есептеу әдістері, эксперименттік жұмыстың жүргізілу қажеттілігін негіздеу, объектілердің жұмыс принциптері мен олардың сипаттамасы;

- зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бағалау және негіздеу, жұмыстың келешектегі бағыттары бойынша ұсыныстар, отандық және шетелдік жұмыстармен салыстыру;

- Әр тарау, бөлім бойынша қысқаша қорытынды.

#### 6.11 Қорытынды құрамына:

- диссертациялық зерттеу нәтижесі бойынша қысқаша қорытынды;
- қойылған тапсырмалар мен міндеттердің орындалуы;
- нақты қолданылған нәтиже бойынша бастапқы мәліметтер мен ұсыныстарды өңдеу;
- орындалған жұмыстың техникалық-экономикалық деңгейін және осы саладағы жақсы жетістіктерімен салыстыру

6.12 Магистрлік диссертация құрамы бойынша 1 интервалмен жазылған А5 форматты, 0,5-1 б.т. көлемінде (8-16 бетті) реферат жазады. Реферат мемлекеттік тілдерінде жазылып, магистранттың қолы қойылады.

6.13 Магистрлік диссертация рефераты кітапша түрінде жасалады. Реферат беттері араб сандары мен төменге, ортасына қойылады. Титул парағы жалпы номер санына кіреді, бірақ қойылмайды. Титул парағы 1 қосымшада келтірілген.

6.14 Магистрлік диссертацияның реферат құрамына келесі мәліметтер кіреді:

- диссертацияның көлемі мен құрылымы;
- иллюстративті материалдар, кестелер, пайдаланылған әдебиеттер тізімінің саны;
- зерттеу өзектілігі;
- зерттеу мақсаты;
- зерттеу объектісі;
- зерттеу әдістері;
- алынған нәтижелер, оның жаңашылдығы, ғылыми және практикалық маңыздылығы;
- басылымдар туралы мәліметтер.

### **7. Магистрлік диссертацияны рәсімдеу ережелері**

#### **7.1 Жалпы талаптары**

7.1.1 Магистрлік диссертацияның мәтіні осы Ереже талаптарына сай орындалады. Магистрлік диссертация мәтінің беттері, суреттер мен кестелер А4 форматына сай болуы керек.

7.1.2 Магистрлік диссертация ДЭЕМ басатын және графикалық құралдарын пайдалану арқылы А4 форматты қағаздың 1 интервалмен орындалуы керек. Шрифт - кегль - 14, магистрлік диссертацияның мәтінін келесі шектік өлшемдерді сақтау арқылы параққа басып шығару керек: Оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы - 20 мм, сол жағы – 30 мм, және төменгі жағы - 20 мм.

7.1.3 Магистрлік диссертацияның көлемі 70-90 бетті құрауы керек. Қосымшалар магистрлік диссертация көлеміне қосылмайды.

7.1.4 Белгілі бір терминдерге, формула, теоремаларға көңіл аудару үшін түрлі гарнитуралы шрифтерді пайдалану арқылы компьютерлік мүмкіндіктерді қолдануға рұқсат етіледі.

7.1.5 Диссертацияны оның орындау тәсіліне қарамастан мәтіннің басылу сапасы, көрнекілік материалдар, кестелер, ДЭЕМ мен шығарылуы талабына сай болуы керек.

7.1.6 Магистрлік диссертацияны орындауда кескіндердің бейнеленуі, тығыздығы бүкіл диссертация көлемінде бірдей, анық болуы керек. Магистрлік диссертацияда әріптер, цифрлар мен белгіленулер нақты бейнеленуі керек.

7.1.7 Диссертацияны орындау барысында байқалған түзетулер, қателер, графикалық келеңсіздіктерді тазартуға немесе ақ бояумен бояуға, мәтіннің (графиканың) қате кеткен жерін жөндеуге болмайды.

7.1.8 Мәтінді құжаттар парағының бүлінуіне, бұрынғы мәтіннің (графиканың) толық тазартылмай кір іздерінің сақталуына жол берілмейді.

7.1.9 Диссертацияда фамилия, мекеме, ұйымдар, фирмалардың, өнімдердің аттары және де басқа жалқы есімдер түпнұсқа тілінде келтіріледі.

7.1.10 Жалқы есімдер мен ұйымдар атауларын диссертация тіліне аударуда түпнұсқа атауы (алғашқы берілуінде) қосып келтіруге жол беріледі.

## **7.2 Магистрлік диссертацияның құралуы**

7.2.1 Магистрлік диссертацияның құрылым элементтерінің атаулары – «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгіленулер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» - диссертацияның құрылым элементтерінің тақырыбы қызметін атқарады.

7.2.2 Құрылым элементтерінің тақырыптарын үлкен әріппен жол ортасына нүктесіз енгізу керек.

7.2.3 Бөлімдердің, бөлімшелердің және баптардың тақырыптары азат жол (абзац) арқылы (міндетті түрде 4-әріптік орынға не 1 см-ге тең) үлкен әріппен соңына нүкте қойылмай басылады. Егер тақырып екі сөйлемнен тұрса, олар нүкте арқылы ажыратылады. Тақырыпта сөздерді тасымалдауға болмайды.

7.2.4 Магистрлік диссертацияны ДЭЕМ құралы арқылы басуда бөлімшелердің тақырыптарын «қою» қаріппен ерекшелеу керек.

7.2.5 Мәтін мен құрылым элементтері тақырыптарының аралығында «бос жол» (0,7мм) қалдырылады.

## **7.3 Магистрлік диссертацияның беттерін нөмірлеу**

7.3.1 Магистрлік диссертацияның беттері араб цифрларымен диссертацияның бүкіл мәтінін қамту арқылы нөмірленеді. Бет нөмірі беттің төменгі жағының ортасына нүктесіз қойылады.

7.3.2 Титул парағы беттердің жалпы нөмірленуіне кіреді. Титул парағында беттің нөмірі қойылмайды.

7.3.4 Жеке парақта орналасқан көрнекілік материалдар мен кестелер диссертацияның беттерінің жалпы нөмірленуіне кіреді.

7.3.5 А3 формат парағындағы көрнекілік материалдар мен кестелер бір бет деп есептеледі.

## **7.4 Магистрлік диссертацияның бөлімдерін, бөлімшелерін, баптарын, кіші баптарын нөмірлеу**

7.4.1 Магистрлік диссертация бөлімдерінің бүкіл құжат бойынша азат жолдан (абзацтан) басталып, нүктесіз араб цифрымен белгіленген реттік саны болуы керек.

7.4.2 Егер құжаттың бөлімшелері болмаса, баптардың нөмірленуі әрбір бөлім шеңберінде болып, баптың нөмірі бөлім мен баптың нөмірінен нүктемен ажыратылып берілуі керек. Егер құжаттың бөлімшелері болса, онда нөмірлеу

бөлімше шеңберінде болып, баптың нөмірі нүктемен ажыратылатын бөлім, бөлімше және бап нөмірінен тұрады.

7.4.3 Егер мәтін тек баптарға бөлінсе, онда бүкіл магистрлік диссертация жұмысы бойынша реттік сандармен нөмірленеді.

7.4.4 Баптар керек болған жағдайда кіші баптарға бөлінеді. Әр бап бойынша реттік саны болуы керек, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.с.с.

7.4.5 Магистрлік диссертацияның әрбір құрылым элементі жаңа парақтан (беттен) басталуы керек.

7.4.6 Магистрлік диссертацияға кіретін беттер мен қосымшалар нөмірлері тұтас болуы керек.

## **7.5 Көрнекілік материалдар**

7.5.1 Көрнекілік материалдар (сызбалар, кестелер, графиктер, схема, диаграммалар, фотосуреттер) міндетті түрде магистрлік диссертацияның мәтінінен кейін орналасып, сол немесе кейінгі бетте алғашқы мәліметтер берілуі керек. Көрнекілік материалдар түрлі-түсті түрде компьютермен дайындалуы да мүмкін. Диссертацияда барлық көрнекілік материалдарға сілтемелер берілуі керек.

7.5.2 Көрнекілік «Сурет» сөзімен белгіленеді. Егер сурет біреу болса, ол «1-сурет» деп белгіленеді де, оның аты жолдың ортасына жазылады. Көрнекілік материалдар нөмірлері магистрлік диссертация шеңберінде (араб цифрімен) тұтас беріледі. Мәтінде әрбір иллюстративті материалға сілтеме жасалынуы тиіс. Көрнекілік материалдарда сілтеме беруде «2-суретке сай...» деп жазу керек.

## **7.6. Кестелер**

7.6.1 Сандық материал міндетті түрде кесте түрінде рәсімделеді. Кестені рәсімдеу 1-суретте көрсетілген.


7.6.2 Кесте диссертацияда міндетті түрде мәтіннен кейін орналасады, ол туралы алғашқы мәлімет қоса немесе кейінгі бетте беріледі.

7.6.3 Кестені ендіруде графа тақырыбынан кейін графаның нөмірі көрсетілген жол қосу керек. Кестенің жалғасына графаның аты ендірілмейді, тек графаның нөмірі көрсетіледі.

7.6.4 Диссертацияда барлық кестелер үшін сілтемелер болуы керек. Сілтеме кестенің нөмірінен кейін сызықша арқылы ендірілген «кесте» сөзінен тұрады.

7.6.5. Көп жолды кестелерді келесі параққа (бетке) ауыстыруға болады. Кестені басқа параққа (бетке) ауыстырғанда, кестенің нөмірі мен «кесте» сөзі кестенің бірінші бөлімінің оң жағында бір рет көрсетіледі, қалған бөліктерінің үстінде кестенің нөмірі мен «жалғасы» сөзі жазылады, мысалы «1-кестенің жалғасы». Кестені басқа параққа (бетке) ауыстырғанда тақырып оның тек бірінші бөлігінің үстінде жазылады.





1-сурет. Кестені рәсімдеу үлгісі

7.6.6. Қосымшадағы кестелерден басқа кестелерді араб цифрларымен бірінен соң бірін нөмірлеу керек.

7.6.7. Графалардың тақырыптары мен кестелердің жолдары үлкен әріппен жекеше түрде, ал графалардың кіші тақырыптары, егер олар тақырыппен бір сөйлем құраса, кіші әріппен жазылады, ал егер олар өз алдына мағыналы болса үлкен әріппен жазылады. Кестелердің тақырыбынан және кіші тақырыптарынан кейін нүкте қойылады.

7.6.8. Кестелер сол, оң жағынан міндетті түрде сызықтармен шектеледі. Кестеде мәтін қарпіне қарағанда көлемі кіші қаріпті қолдануға жол беріледі.

**7.7 Формула мен теңдеулер**

7.7.1 Формула мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жолға жазу керек. Әр формуланың немесе теңдеудің жоғары және төменгі жағынан кем дегенде бір жолдан қалдыру керек. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, ол теңдік (=) белгісінен кейін, не қосу белгісінен (+), алу (-), көбейту (x), бөлу (:), не басқа математикалық амалдар белгісінен кейін ауыстырылады және белгі келесі жолда қайтланады. Формуланы аударуда көбейтуді «X» белгісімен көрсетеді.

7.7.2 Формулаларды диссертациялық жұмыста бастан аяқ реттік сандармен жолдың оң жақ шетінде дөңгелек жақшада араб цифрларымен нөмірлеу керек:

Мысалы:

$$A=a:b; \tag{1}$$

$$B=c:e. \tag{2}$$

**7.8. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

7.8.1 Диссертацияны жазуда магистрант пайдаланылған материалдары немесе нәтижелері бойынша авторлар мен әдебиеттерге сілтеме беруі керек.

7.8.2 Әдебиеттер жайында мәліметтерді диссертацияда сілтеменің кездесуіне қарай араб цифрларымен нөмірлеп, азат жолсыз (абзацсыз) жазу керек.

7.8.3 Пайдаланылған әдебиеттерді тік жақшаға алу керек [5,76.]. Бір әдебиетке бірнеше сілтеме берілген жағдайда әдебиеттің қатар нөмірінен басқа оның беттері көрсетіледі. БАҚ-нан ақпарат пайдаланылғанда тік жақшада тек әдебиеттің нөмірі ғана көрсетіледі.

7.8.4 Стандарттар мен техникалық жағдайларға сілтеме жасалғанда оның тек белгіленуі көрсетіледі, егер пайдаланылған әдебиеттер тізімінде толық мәлімет берілген болса, оның бекітілу жолын көрсетуге болады.

## **7.9 Қосымшалар**

7.9.1 Қосымшалар берілген магистрлік диссертацияның жалғасы ретінде келесі беттерде рәсімделеді.

7.9.2 Диссертацияның мәтінінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі керек. Қосымшалар диссертация мәтінінде берілген сілтемелер тәртібімен орналасады.

7.9.3 Әр қосымша жаңа беттен оң жақ жоғары бұрышында «Қосымша» сөзін көрсету арқылы басталады.

7.9.4 Қосымшаның тақырыбы болады, ол мәтінге симметриялық түрде үлкен әріппен бөлек жолға жазылады.

7.9.5 Қосымша алфавиттің бас әрпімен А әріпінен басталып (Е,З,Й,О,И,Б,Ы,Ъ әріптерінен басқа) белгіленеді. Қосымшаның ретін көрсететін әріп «қосымша» сөзінің алдына жазылады.

7.9.6 Қосымша құжаттың қалған бөлімдерімен бірге беттердің жалпы нөмірлеу санына кіреді.

## **8. Магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну**

8.1 Орныққан тәртіп бойынша рәсімделген магистрлік диссертация «қорғауға ұсынылады», «қорғауға ұсынылмайды» деген дәлелді қорытындысы жасалған ғылыми жетекшісінің пікірімен ХГТУ-нің мамандық шығарушы кафедрасына алдын-ала қорғау процедурасын өтуге ұсынылады.

8.2 Магистрлік диссертация бойынша басқа ұйымнан ғылым докторы немесе кандидат дәрежесі бар, мамандық бағыты бойынша PhD доктор атағы бар ресми рецензент тағайындалады.

8.3 Магистрлік диссертацияның ресми рецензенті ХГТУ-дің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде жұмыс істейтін орны, атқаратын қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және диссертацияның қорғалатын саласы бойынша негізгі басылымдары (кем дегенде 3 жұмыс) көрсетіліп, ХГТУ президентінің бұйрығымен бекітіледі.

8.4 Ресми рецензент магистрлік диссертацияны зерттеу нәтижесінде дәлелді қорытынды мен «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» деген бағасы көрсетілген мамандығына сай академиялық магистрлік дәрежесі берілуі немесе берілмеуі мүмкін деген рецензия береді.

8.5 Ресми рецензенттің (оппоненттің) рецензиясы компьютерде басылып, берілген күні көрсетіліп, қолы қойылуы керек. Рецензенттің қолын ұйымның (рецензент істейтін) кадрлар бөлімінің бастығы растап, ұйымның мөрімен куәландырылады.

8.6 ҚР БҒМ 01.11.2011 жылғы №506 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгілерімін ағымдық бақылау мен аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережелеріне» сай ХГТУ-нің мамандық шығарушы кафедрасында алдын ала қорғаудан өткен соң, магистрлік диссертация

міндетті түрде плагиатқа Эксперттік кеңесте магистрлік диссертация экспертизадан өтеді.

8.7 Сараптама комиссиясы құрамына отандық және шетелдік басылымдарда мақалалары жарияланған, біліктілігі магистрлік диссертацияның саласына сай келетін маман енуі керек.

8.8 Сараптама комиссиясына ұсынылады:

- толық орындалған магистрлік диссертация;
- диссертацияның тақырыбы бекітілгені туралы құжат;
- Әр магистранттың ғылыми жетекшілерінің пікірлері (2 данадан);
- магистрлік диссертацияның рефераты;
- орныққан тәртіп бойынша расталған ғылыми басылымдар тізімі және олардың көшірмесі (5-қосымша).

- Бітіріп шығарушы кафедраның қорғауға ұсынымдамалары туралы шешімі (кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі).

8.9 «Антиплагиат» жүйесі (сараптама комиссиясы) арнайы формада жазбаша негізделген қорытынды береді:

## **9. Магистрлік диссертацияны қорғау процедурасы**

9.1 Магистрлік диссертацияны қорғау жұмыстары мамандыққа сай МАК мәжілісінде іске асырылады.

9.2 МАК-тің магистрлік диссертацияны қорғауға байланысты мәжілісі оның төрағасының жетекшілігімен жүргізіледі.

9.3 МАК мүшелері «Антиплагиат» жүйесінің (эксперттік кеңестің) шешімі негізінде және келесі құжаттар толық болған жағдайда магистрлік диссертацияны қорғауға қабылдайды:

- жеке оқу жоспарының орындалуы туралы анықтама;
- халықаралық ғылыми конференцияларда жарияланған ғылыми еңбектері, кем дегенде 2 жұмыс;
- кафедраның қорғауға ұсынылған шешімі (кафедра мәжілісіндегі хаттамасынан көшірме);
- ғылыми жетекшінің пікірі;
- ресми рецензенттің магистрлік диссертацияға берілген рецензиясы;
- «Антиплагиат» жүйесінің (эксперттік кеңестің) шешімі;

9.4 Ғылыми жетекші немесе мамандық шығаратын кафедра «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайтын» теріс қорытындысы болса, магистрлік диссертация қорғауға жіберілмейді.

9.5 Магистрлік диссертацияны қорғау МАК-тің ашық мәжілісінде оның кем дегенде 2/3 мүшесінің қатысуымен жүргізіледі.

9.6 Магистрлік диссертацияны қорғаудың МАК мәжілісінде ғылыми жетекшісі мен оппоненті міндетті түрде болуы керек.

9.7 Магистрант 20 минут шеңберінде қысқа, әрі нақты баяндама жасап, зерттеудің мақсаты мен міндетін, негізгі мәселелерді дәлелдеп, қорытынды жасап, ұсыныстар береді:

- орындалған жұмыстың көлемі;
- зерттеудің өз бетінше орындалуы;
- жұмыста жаңа технологияларды пайдалану;

- әдеби шолудың толықтылығы және заманауи пайдаланылған әдебиеттер;
- оқу процесінде алынған нәтижелерді, ғылыми зерттеулерді, практикалық жұмыстарда қолдану мүмкіндігі;
- материалдың сауатты және нақты баяндалуы;
- талапқа сай безендірілуі;
- диссертацияны қорғаудағы баяндау сапасы (нақтылығы, сауаттылығы, кәсіби терминдерді пайдалануы, көрнекілік материалдары т.б.);
- қорғау барысында берілген сұрақтар және рецензенттің ескертулеріне толық және дұрыс жауап беру;
- жұмыс бойынша басылымдар саны, магистранттың ғылыми конференциялардағы баяндамалары;

9.9 Әр магистрантқа МАК хатшысы мәжілістің хаттамасын арнайы формада толтырады.

9.10 МАК мәжілістерінің барлық хаттама бланкілері нөмірленіп, МАК жұмысының басталуына дейін магистранттың қорытынды аттестаттауының әр формасы бойынша жеке кітап түрінде тігіліп, ЖООКБ мөрі басылады.

9.11 Магистрлік диссертация жұмысын қорғауды бағалау, академиялық дәреже мен мемлекеттік үлгідегі диплом беру туралы шешім МАК-тің мәжілісінде жасырын дауыспен мәжіліске қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

9.12 Хаттамаларға мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы және мәжіліске қатысқан мүшелер қол қояды.

9.13 Диссертациялық жұмыстың қорғау нәтижесі қорғау жүргізілген күні хабарланады.

9.14 Диссертацияны қорғау нәтижесіне қарап магистр академиялық дәрежесін беру туралы шешім қабылданады.

9.15 Көпшілік алдында магистрлік диссертация қорғаған магистрантқа мамандыққа сай магистрдің академиялық дәрежесі беріледі және мемлекеттік үлгідегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскриптпен) беріледі.

## **10. Магистрлік диссертация туралы Ережеге өзгерістер мен қосымшалар ендіру тәртібі**

10.1 Қажет болған жағдайда (ҚР МЖМБС, оқу жоспарында т.б. өзгеріс болған жағдайда) Ережеге өзгерістер мен қосымшалар ендіріледі.

10.2 Өзгерістер келісіледі, бекітіледі және қолданысқа талданылып отырған Ережеде көзделген тәртіп бойынша ендіріледі.

10.3 Өзгерістерді келісіп бекіткеннен кейін талдаушы немесе оның орнындағы тұлға өзгерістерді Ереженің түпнұсқасына ендіреді.

10.4 Өзгерістер бөлек қағазда тіркеу нөмірі көрсетіліп рәсімделеді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ -ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 94 (574)

Қолжазба құқығында

МАГИСТРАНТТЫҢ АТЫ-ЖӨНІ

**ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ**

Экономика ғылымдарының магистрі ғылыми  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:  
Ғылыми жетекшінің аты-жөні.

Шымкент 2014

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1	
1.1.....	9
1.2.....	20
1.3.....	28
2	
2.1.....	37
2.2.....	45
2.3.....	56
3	
3.1.....	67
3.2.....	77
3.3.....	85
ҚОРЫТЫНДЫ.....	91
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	93
ҚОСЫМШАЛАР .....	95

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: Юрист, 2014. -192 б.

2 Қалыбеков Б. 50-жылдардағы бастауыш сынып оқулықтарының лексикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының статистикасы: филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. 10.02.02. -Алматы, 2014. -25 б.

3 Мамаева А.Қ. 1995-2002 жылдардағы “Әліппе” оқулықтарының жиілік сөздіктері. -Шымкент: Нұрлы бейне, 2014. -58 б.

Ресми оппоненттің магистрант \_\_\_\_\_  
(магистранттың аты-жөні)

мамандығы бойынша \_\_\_\_\_ магистрі  
академиялық дәрежесін алуға ұсынылған « \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ » тақырыбындағы магистрлік  
диссертациясына

### РЕЦЕНЗИЯСЫ

1. Тақырыптың өзектілігі, оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (практика және ғылым мен техниканың сұраныстары).
2. Магистрлік диссертация шеңберіндегі ғылыми нәтижелері.
3. Магистранттың диссертацияда келтірген ғылыми нәтижесінің (ғылыми тұжырымдамасының) негізделуі мен нақтылығының, қорытындылауының дұрыстық деңгейі.
4. Магистранттың диссертацияда келтірген әрбір ғылыми нәтижесінің (тұжырымдамасының), қорытындысының жаңашылдық деңгейі.
5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалауы.
6. Диссертациядағы негізгі мәселелер бойынша зерттелудің негізгі мәселелерінің, қорытындысының дәлелденуі.
7. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуіндегі кемшіліктері.
8. Диссертацияның талапқа сай жазылуы.
9. Қорытынды.

Оппонент,  
Жұмыс орны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)

## Халықаралық гуманитарлық техникалық университет

Магистрант \_\_\_\_\_ ғылыми еңбектерінің тізімі  
(Магистранттың аты-жөні)

№	Атауы	Жұмыс сипаты	Жарияланған басылымы, баспаның атауы, нөмірі, жылы, беттері	Көлемі (б.т.)	Қосалқы авторлар аты-жөні
1	2	3	4	5	6
1	Қазақ мәтіндерін зерттеуде статистика элементтерін қолдану мүмкіндіктері	Мақала	«Ғылым, білім және іс-тәжірибенің өзара байланысы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, 8Шымкент қаласы,	0,50	
2	Қазақ мәтіндерін зерттеуде статистика элементтерін қолдану мүмкіндіктері	Мақала	«Ғылым, білім және іс-тәжірибенің өзара байланысы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Шымкент қаласы,	0.50	

Университет Ғылыми кеңесінің  
ғалым хатшысы

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)

Кафедра меңгерушісі

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)

Магистрант

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)



Сараптама комиссиясының магистрант \_\_\_\_\_  
(магистранттың аты-жөні)

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша  
\_\_\_\_\_ магистрі академиялық  
дәрежесін алуға ұсынылған « \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ » тақырыбындағы магистрлік  
диссертациясына

### ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сараптама комиссиясы \_\_\_\_\_ құрамында  
магистрант \_\_\_\_\_  
(магистранттың аты-жөні)

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша  
магистр академиялық дәрежесін алуға ұсынылған « \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ » тақырыбындағы магистрлік  
диссертациясын сараптан өткізіп, келесі қорытындыға келді.

1. Мамандық бойынша жұмыстың ғылыми саласына сәйкестігі
2. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практика және ғылым мен техниканың даму сұраныстары) байланысы
3. Магистрлік диссертацияда келтірілген әрбір нәтиженің (ғылыми тұжырымдаманың), қорытындылардың дәлелденуі
4. Диссертацияда келтірілген әрбір ғылыми нәтижені (тұжырымдама-ны) қорытындылаудың жаңашылдығы
5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін, теориялық және қолданбалы мәселелерді шешудегі бағытын бағалау
6. Диссертацияның негізгі мәселелері бойынша басылымдардың толықтылығы, негізгі мәселелер, қорытындылардың дәлелденуі
7. Сараптама комиссиясының шешімі

Сараптама комиссиясының мүшелері:

_____	_____
(қолы)	(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)
_____	_____
(қолы)	(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)
_____	_____
(қолы)	(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және аты-жөні)





